

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЕРИЯСЫ
1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ СЕРИЯ
ИЗДАЕТСЯ С 1997 ГОДА

ISSN 2710-2661

№ 2 (2022)

ПАВЛОДАР

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайгыров университета**

Педагогическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания
№ KZ03VPY00029269

выдано

Министерством информации и коммуникаций
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области педагогики,
психологии и методики преподавания

Подписной индекс – 76137

<https://doi.org/10.48081/UMYC5887>

Бас редакторы – главный редактор

Бурдина Е. И.
д.п.н., профессор

Заместитель главного редактора
Ответственный секретарь

Ксембаева С. К., *к.п.н., доцент*
Нургалиева М. Е., *PhD доктор*

Редакция алкасы – Редакционная коллегия

Пфейфер Н. Э.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Жуматаева Е.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Абибулаева А. Б.	<i>д.п.н., профессор</i>
Мирза Н. В.,	<i>д.п.н., профессор</i>
Фоминых Н. Ю.,	<i>д.п.н., профессор (Российская Федерация)</i>
Снопкова Е. И.,	<i>к.п.н., доцент (Беларусь)</i>
Кудышева А. А.,	<i>к.п.н., ассоц. профессор</i>
Оспанова Н. Н.,	<i>к.п.н., доцент</i>
Оралканова И. А.,	<i>PhD доктор</i>
Омарова А. Р.,	<i>технический редактор</i>

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели
Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов
При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

ИДЕОЛОГИЯ И ВОСПИТАНИЕ В ПЕДАГОГИЧЕСКОМ ПРОЦЕССЕ В ОРГАНИЗАЦИЯХ ОБРАЗОВАНИЯ

МРНТИ 14.43.43

<https://doi.org/10.48081/LFSL3897>

***А. А. Конырова¹, Т. С. Сламбекова², Б. Г. Сарсенбаева³**

^{1,2}Д. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.;

³Павлодар педагогикалық университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА КОГНИТИВТІ КОМПОНЕНТТІҢ КРИТЕРИЙЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІ

Мақала әлеуметтік жауапкершілікті кәсіби тұлғалық сапа ретінде қалыптастыруда когнитивті компоненттің критерийлік көрсеткіштерін анықтауға арналған. Когнитивті компонент әлеуметтік жауапкершілік құрылымындағы маңызды және негізгі компонент. Өйткені қандайда бір кәсіби сапаны қалыптастыру үшін, ол туралы білім алушының тұтас түсінігі, қабылдауы, саналы қатынасы болуы шарт. Өздігінен әлеуметтік жауапкершілік күрделі құрылымды категория болғандықтан авторлар бұл салада бұдан бұрынғы зерттеулерге сүйене отырып, когнитивті компоненттің әлеуметтік хабардарлық және мағыналық критерилерін талдауды зерттеу жұмысының міндеті ретінде қарастырады. Бұл міндетті орындау үшін білім алушыларда әлеуметтік жауапкершіліктің мазмұны туралы білімнің жалпы жағдайы жөнінде ақпарат жинақтауға мүмкіндік беретін әлеуметтік сауалнама және әлеуметтік жауапкершіліктің жеке маңызын сезінудің, түсінудің деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін «жауапкершіліктің» көпөшемдік функционалдық диагностика әдістемесінің бесінші және алтыншы шкалаларының нәтижелері алынды. Зерттеу жұмысының нәтижесі білім алушыларда әлеуметтік жауапкершілікті тұтас, түбегейлі қабылдауға қарағанда біржақты түсініктің басымдылығын көрсетті. Бұндай көрініс әсіресе, бірінші курс студенттерінде айқын көрінеді.

Қандай да бір саналы іс-әрекетті жүзеге асыруда болашақ педагогтің тек қана қоғамдық біліммен шектелуі жеткілікті емес. Сондықтан, әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруда когнитивті компоненттің жан-жақты зерделенуі, бұл процестің тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Кілтімі сөздер: кәсіби тұлғалық сапа, әлеуметтік жауапкершілік, когнитивті компонент, хабардарлық, мағыналық критерилер, түсіну, қабылдау.

Кіріспе

Әлеуметтік жауапкершілік жеке тұлға мен қоғам арасындағы қатынастардың барлық түрлерінде көрініс таба отырып, жеке тұлғаның жеке дамуында, әлеуметтенуінде, кәсіби қалыптасуында шешуші роль атқарады. Сонымен қатар, әлеуметтік жауапкершілік тұлғаның белсенділігі, өмірлік позициясы, іс-әрекет нәтижесі бола отырып, ол өз кезегінде қоғамдық санаға, қоғамның даму заңдылықтарына өз ықпалын тигізеді. Бұл ретте, тұлғаның түрлі әлеуметтік процестердегі рөлі, даму өрісі сияқты әлеуметтік құбылыстардың психологиялық заңдылықтары жөніндегі заманауи зерттеулер Д. Майерс, Ж. Туенж еңбектерінде қарастырылған. Бұнда тұлғаның жауапкершілікпен тікелей байланысты «жеке тиімділігі» оның жеке табыстылығын қамтамасыз етумен қатар, қоғамның дамуына қосатын үлесіне екпін жасалады [1].

Педагогикалық мамандық студенттері – болашақ мұғалімдер және олардың өскелең ұрпаққа ықпал ету мүмкіндіктері орасан. ҚР Заңында педагогтың статусы, олардың құқықтары мен міндеттері, ортақ жауапкершіліктері белгіленген [2]. Өз кезегінде бұл бағыттағы кешенді шаралар Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [3] негізінде мемлекет тарапынан жүзеге асырылуда. Біздің пікірімізше, бұл статуска сәйкес болу оларда жаңа кәсіби-тұлғалық, мета сапалардың болуын, соның ішінде әлеуметтік жауапкершіліктің сапалық жағынан жоғары болуын белгілейді. Егер осы уақытқа дейін болашақ педагогтің кәсіби тұлғалық күзінеттіліктерінен неғұрлым басымдылықта болған «күрт, қатты» (hard skills) дағдылардан «жұмсақ» (soft skills) дағдыларға біртіндеп ауысу уақыт талабы болып отыр.

Өздігінен әлеуметтік жауапкершілік күрделі құрылымды құбылыс және оның іс-әрекет субъектісінің болуы мүмкін емес. Көптеген еңбектерде әлеуметтік жауапкершілік парыз, міндеттілік, еркіндік, әлеуметтік интеллект сияқты басқа да философиялық, педагогикалық категориялармен бірге қарастырылатындықтан, әлеуметтік жауапты әрекет-қылықты қамтамасыз ететін кәсіби-тұлғалық сапа ретінде оның қалыптасу критерилері мен

деңгейін белгілейтін құрылымдық аппаратты белгілеу біздің зерттеу жұмысымыздың маңызды міндеттерінің бірі болып отыр.

Ресейлік зерттеуші Донева О. В. әлеуметтік жауапкершілікті жеке тұлғаның тұрақты адамгершілік-құндылықтық сапасы ретінде қарастыра отырып оның келесі компоненттерін көрсетеді [4]:

- когнитивті-ақпараттық;
- мотивациялы-құндылықтық;
- нәтижелі іс-әрекеттік;
- рефлексивті-болжаушы.

Теориялық талдау барысында әлеуметтік жауапкершіліктің құрылымын жіктеуде бірқатар авторлардың (Л. И. Дементий, А. Ф. Гулевская, В. П. Максимов, Л. А. Барановская, О. Р. Кривошеева, О. М. Чусовитина, Е. В. Герман) тұжырымдамаларын зерделей отырып, біз әлеуметтік жауапкершіліктің құрылымы өзара тығыз байланыста жүзеге асатын когнитивті-мағыналық, мотивациялық-құндылықтық және іс-әрекеттік-бағыттылық компоненттерді негізге аламыз. Ал олардың студент жастарда қалыптасуын белгілейтін критерилерді белгілеу үшін олардың әрқайсысын жеке қарастыру аса маңызды деп есептейміз.

Донева О. В. бойынша жастарда әлеуметтік жауапкершіліктің когнитивті ақпараттық компонентінің қалыптасу критерийі әлеуметтік хабардарлық болып табылады [4]. Бұл критерий әрекет-қылық пен нормалардың әлеуметтік мақұлданған базалық стратегиялары туралы білімді; негізгі әлеуметтік құндылықтар мен осы нормалардың әлеуметтік, жеке өзіндік маңызын сезінуді қамтиды.

Адамның қоғаммен тікелей өзара әрекеттесуі және әлеуметтік әрекет-қылықты орындау кезінде өзі басшылыққа алатын әрекет-қылықтың мәнін, мазмұнын, тәсілдері мен құралдары туралы білімнің болуы және оны саналы меңгеруі шешуші роль атқарады. Философияда таным дегеніміз «заттың табиғатын түсіну және ол туралы кейінгі пайымдаулардың қалыптасуын қамтитын білім алу» деп түсіндіріледі [5]. В. Д. Шадриков іс-әрекеттің мультиплициарлы құрылымын жіктей отырып, оның барлығының таным процестерінің негізінде жүзеге асатынын айтады. Оның пікірінше «кез келген әрекетті жүзеге асыру үшін, сол нәрсені қабылдау, елестету, есте сақтау, түйсіктен өткізу қажет» [6, 109 б.]. Жауапкершілікті толыққанды түсінуді психотерапияның экзистенциалды құбылыстық тәсіл өкілдері адамның тұлғалық тұтастықты сезінуінің, өзін-өзі жүзеге асырудың бірден бір шарты деп түсіндіреді [7].

Жалпы мұғалімнің кәсіби-педагогикалық іс-әрекетке дайындығының когнитивті компоненті екі аспектіде: жалпы интеллектуалды қабілеттері мен

накты пән саласында қарастырылады. Бұл тарапта П. Я. Гальперин, Н. Ф. Талызинаның «іс әрекеттің бағдарлаушы және тірек болатын негізі әрекет бейнесі мен орта бейнесі ортақ құрылымдық элементке кіріге отырып әрекетті басқару қызметін атқарады [8, 7 б.], – деген пікірлерін басшылыққа аламыз.

Әдістер мен материалдар

Әлеуметтік жауапкершіліктің бірінші компонент критеріінің бірі - әлеуметтік хабардарлық. Осыған орай әлеуметтік құндылықтар, олардың мазмұны туралы білімнің жалпы жағдайы жөнінде ақпарат жинақтау мақсатында бірқатар сұрақтардан тұратын әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға педагогикалық мамандық білім алушылары қамтылды. Сонымен қатар, білім алушылардың әлеуметтік жауапкершілік туралы біліммен бірге оның әлеуметтік және жеке маңызын сезінудің, түсінудің деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін «жауапкершіліктің» (жалпы саны 22 шкаладан тұратын) көпөлшемдік функционалдық диагностикасының (ОТВ - 110), бесінші және алтыншы шкалаларының нәтижелері қолданылды. Аталған әдіс алғаш А. И. Крупновпен ұсынылып [9] (Москва қ., РХДУ) оның валидтілігі мен сенімділігі субъективті бақылау деңгейі (Е. Ф. Бажин, Е. А. Голынкина, А. М. Эткинд) мен Р.Кетелл сауалнамасының G факторымен салыстыру арқылы тексерілген [10, 41 б.].

Материалды өңдеу және интерпретациялау үшін мәліметтерді статистикалық өңдеудің, атап айтқанда Стьюденттің t-критеріін қолдану арқылы топтық талдау әдісі қолданылды. Өңдеу, интерпретациялау SPSS бағдарламасымен жүзеге асырылды. Зерттеудің бұл кезеңіне де педагогикалық мамандық білім алушылары (1 курс бойынша 34 адам, 3 курс бойынша 29 адам) қамтылды. 1 курс бойынша орта жас мөлшері – 17–18 жас, 2 курс бойынша орта жас мөлшері – 19–20 жас.

Нәтижелер мен талқылаулар

Әлеуметтік сауалнаманың нәтижесі әлеуметтік жауапкершілік ұғымын білім алушыларда міндеттілік, орындаушылық призмасынан түсіну басымдылығын көрсетеді. Сауалнамада берілген ашық сұрақтардың бірқатарына берілген жауаптарды 1-кестеден көруге болады.

Кесте 1 – Әлеуметтік сауалнама сұрақтарына берілген жауаптардың таратылуы (респонденттер санының % қатынасы)

Әлеуметтік сауалнама сұрақтары	1 курс	3 курс
Әлеуметтік жауапкершілік мағынасы жағынан қайсысына жақын		
міндеттілікке	35	47
еркіндікке	6	14
парызға	10,5	5
адамгершілік, ар ожданға	47,3	34
Кімнің алдындағы жауапкершілік маңызды деп есептейсіз?		
жоғары әлеуметтік инстанциялар алдындағы	0	4
халықтың алдындағы	47,3	47
отбасы алдындағы	42,1	41,3
алдыңғы ұрпақ алдындағы	10,5	7,5
Мұғалім жауапкершілігінің байланыстылығы		
құқықтық нормалар мен заңдарды сақтаумен	36,8	38,7
ар ождан бостандығымен	31,5	33
этикалық нормалардың көрнісімен	31,5	28,3
Сіз қазіргі уақытта өз әрекетіңізге толықтай жауап беруге дайынсыз ба?		
толықтай дайынмын	73,68	53,6
құманым бар	26,3	42,3
өлі дайын емеспін	0	2
Тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігіне ықпал ететін негізгі факторлар		
ішкі бағыттылық, құндылықтар, принциптер	78,4	54,3
әлеуметтік талаптар, ережелер	0	13
мәдениет, бағытты тәрбие	16,3	27,5
тәуелсіздік	5,2	6

Респонденттердің басым көпшілігі әлеуметтік жауапкершілікті міндеттілік тұрғысынан қарайтындығын олардың берген жауаптарынан көре аламыз. Бірінші курс студенттерінің өз әрекетіне толықтай жауап беру әзірлігі өте жоғары (73,68 %) болғанымен, әлеуметтік жауапкершілікке ықпал ету факторы ретінде тәуелсіздіктің көрсеткіші (5,2 %) өте төмен. Ал әлеуметтік талаптар мен ережелерді мүлде ескермеулері, әрине, бұл тарапта сұрақ туғызады. Әлеуметтік жауапкершілікті еркіндікпен, өз таңдауымен байланыстыру үшінші курс студенттерінде біршама көтерілгенін байқаймыз. Сонымен қатар, респонденттердің әлеуметтік жауапкершілікке ықпал ететін факторларға қатысты берген жауаптарына аса назар аударуға болады. Бұнда ішкі бағыттылық, құндылықтар мен әлеуметтік талаптар, ережелер екі топта да басымдылық көрсетсе, ал өзбетінділік, тәуелсіздік екі топта да төмен көрсеткішті көрсетеді. Ықпал етуші фактор ретінде мәдениет

пен бағытты тәрбиенің басымдылығы үшінші курс студенттерінде 1,6 есе алшақтықпен байқалады.

Бірінші және үшінші курс білім алушыларының арасындағы әлеуметтік жауапкершіліктің когнитивті компоненті бойынша айнымалылардың орташа көрсеткіштерін статистикалық бағалау кестесінен көруге болады.

Кесте 2 – Студенттің t-критерийі бойынша 1курс (n=34) және 3 курс (n=29) студенттерінде когнитивті компонент айнымалылардың орташа көрсеткіштері

Когнитивті компонент айнымалылары	Ортақ көрсеткіштер		t-критерий	ықтималдылық
	1 курс	3 курс		
хабардарлық	28,95	26,58	2,61	1,993
мағыналылық (түсіну)	19,8	22,7	-2,64	1,993

Әдістеме бойынша 25 тен 35 дейін (жоғары мәнді) қарастырылып отырған сипаттаманың аса айқын көрінуін білдіреді; 16 тен 24 дейін (орта мәнді) – нейтралдылық, параметрдің жағдаятқа байланысты көрінуі; 5 тен 16 дейін (төмен мәнді) – сипаттаманың айқын еместігі, мәнінің қарама-қарсылығын білдіреді.

Бірінші курс студенттерінің әлеуметтік жауапкершілік туралы хабардарлығы бұл параметрдің жоғары деңгейін көрсетеді. Атап айтқанда, бұл әлеуметтік жауапкершіліктің мағынасын қабылдаудың бір ғана қырымен шектелуімен сипатталады. Оларда әлеуметтік жауапкершілікті тәртіп, міндеттілік, орындаушылық, тіпті жауапқа тарту ретінде қабылдау байқалады. Үшінші курс студенттеріне қарағанда бұл айнымалылық бойынша ($t=2,61$) өзгеріс бар.

Бұл әдістемеді хабардарлық (жоғары көрсеткіште) мағыналық критерийіне қарама-қарсы сипатымен ерекшеленеді. Хабардарлық дегеніміз жауапкершілікті үстірт немесе бір ғана қыры арқылы қабылдаумен шектелу. Бұнда жауапкершілік мағыналық жағынан орындаушылықпен алмастырылған болуы мүмкін. Ал мағыналылық критерийі керісінше, әлеуметтік жауапкершілікті түбегейлі қабылдау, оның сапаларын философиялық тұрғыдан тұтас және терең түсіну дегенді білдіреді.

Әлеуметтік жауапкершіліктің мағыналық көрсеткіші екі топта да орта деңгейді көрсетеді. Екі топтың да көрсеткіштері бұл параметрдің ситуативтілігімен, нейтралдығымен сипатталады. Демек, нақты ситуацияларда, қарым-қатынаста олар қоғамда қабылданған құндылықтар мен нормаларды, сыртқы талаптарды басшылыққа алумен шектеледі. Ал айырмашылық ($t=-2,64$) сипатталады. Бұл үшінші курс студенттерінде

әлеуметтік жауапкершілікті тұтас қабылдауға, оны жеке қажеттілік ретінде, парыз тұрғысынан қарауға талпыныстар бар екенін көрсетеді.

Қорытынды

Когнитивті компоненттің негізідері студенттік жас кезеңінде қарқынды қалыптасатын ғылыми дүниетаным. Бұл бағыттағы зерттеу жұмысының нәтижесі жастарда әлеуметтік жауапкершілік туралы білімнің жүйелі емес екендігін айқындады. Олар өздерінің әлеуметтік маңызды әрекеттерін жоспарлауда, жүзеге асыруда қоғамда жинақталған жалпы білімді басшылыққа алумен шектеледі. Әрине, қоғамдық білімді біз жоққа шығарудан аулақпыз, бірақ оны тұлғаның өз ой елегінен өткізіп, саналы түрде шешім қабылдауы оның әлеуметтік саналылығы мен жеке жауапкершілігін арттыра түсер еді.

Отандық ғалым Ерментаева А. Р. студенттің когнитивті даму ерекшелігін «...кез келген сигналға барынша латентті шамада реакцияның болуы, талдағыштардың абсолютті және айырма сезгіштігінің оптимумы; күрделі психомоторлық дағдыларды ерекше икемділікпен меңгеру студенттерге тән құбылыс» деп сипаттайды [10, 303 б.]. Ендеше, әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыруда когнитивті компоненттің түбегейлі қарастырылуы, бұдан кейінгі педагогикалық ықпал ету іс-әрекетінің нәтижесін қамтамасыз етеді. Алынған нәтижелерді ескере отырып, оларда әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастырудың келесі стратегиясын жасауға мүмкіндік бар: орындаушылықтан – тәуелсіздікке, еркіндікке, одан – әлеуметтік жауапкершілікке бағыттау.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Майерс, Д., Туенж Ж.** Әлеуметтік психология. 12- басылым. – Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2018. – 648 б.

2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Астана : Ақорда, 2007 жыл, 27 шілде, № 319-III (2015.21.07. берілген өзгерістермен, толықтырулармен).

3 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы [Электронды ресурс]. – www.gov.kz.

4 **Донева, О. В.** Критерии сформированности социальной ответственности студентов вуза // Фундаментальные исследования. – 2014. – № 3-3. – С. 580–584. [Электронды ресурс]. – URL: <https://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=33719> (Өтініш берген күні 18.02.2022).

5 *Философский словарь* / Под ред. И. Т. Фролова. – 7-изд., перераб. и доп. – М. : Республика, – 2001. – 719 с.

6 **Шадриков, В. Д.** Психология деятельности человека. – М. : Изд-во «Институт психологии РАН», – 2013 – 464 с.

7 **Андреева, О. В.** Ответственность как необходимое условие самореализации человека. // Социальная, профессиональная и персональная ответственность личности в современном обществе : Материалы Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. – Омск, 8–10 октября 2020. – С. 136– 139.

8 **Талызина, Н. Ф.** Педагогическая психология : Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. – М. : Издательский центр. «Академия», 1998. – 288 с.

9 **Крупнов, А. И.** Системная диагностика и коррекция общительности: [монография] / А. И. Крупнов. – М. : Российский ун-т дружбы народов, 2007. – 131 с.

10 **Прядин, В. П.** Психодиагностика личности : Избранные психологические тесты: практикум / В. П. Прядин. – Сургут : Сургутский гос. пед. ун-т, 2014. – 245 с.

11 **Ерментаева, А. Р.** Жоғары мектеп психологиясы : Оқулық – Алматы : ЖШС РПБК «Дәуір», 2012. – 492 б.

REFERENCES

1 **Myers, D., Twenge J.** Äleumettik psihologia [Social Psychology]. 12- basylym. – Almaty : Ūlttyq audarma bürosy, 2018. – 648 p.

2 Qazaqstan Respublikasynyñ «Bılım turaly» Zañy [The Law of Education of the Republic of Kazakhstan]. – Astana : Aqorda, 2007 jyl, 27 şilde, № 319-III (2015.21.07. berilgen özgeristermen, tolyqtyrularmen)

3 Qazaqstan Respublikasynda bılım berudı jäne ğylymdy damytudyñ 2020–2025 jyldarğa arnalğan Memlekettik baǵdarlamasy [State program for the development of education and science in the Republic of Kazakhstan for 2020–2025] [Electronic resource]. – www.gov.kz.

4 **Doneva, O. V.** Kriterii sformirovannosti social'noj otvetstvennosti studentov vuza [Criteria for the formation of social responsibility of university students] // Fundamental'nye issledovaniya. – 2014. – № 3–3. – P. 580-584; [Electronic resource]. – URL:<https://fundamental-research.ru/ru/article/view?id=33719> (Access date 18.02.2022).

5 *Filosofskij slovar'* [Philosophical Dictionary]/Pod red. I. T. Frolova. – 7-izd., pererab. i dop. – Moscow : Respublika, 2001. – 719 p.

6 **Shadrikov, V. D.** Psihologija dejatel'nosti cheloveka [Psychology of Human Activity]. – Moscow : Izd-vo «Institut psihologii RAN», 2013. – 464 p.

7 **Andreeva, O. V.** Otvetstvennost' kak neobhodimoe uslovie samorealizacii cheloveka [Responsibility as a necessary condition for a person's self-realization]. // Social'naja, professional'naja i personal'naja otvetstvennost' lichnosti v sovremennom obshhestve [Elektronnyj resurs]: materialy Vserossijskoj nauchno-prakticheskoy konferencii s mezhdunarodnym uchastiem. – Omsk, 8–10 oktjabrja 2020. – P. 136–139.

8 **Talyzina, N. F.** Pedagogicheskaja psihologija [Pedagogical Psychology]: Ucheb. posobie dlja stud. sred. ped. ucheb. zavedenij. – Moscow : Izdatel'skij centr. «Akademija», 1998. – 288 p.

9 **Krupnov, A. I.** Sistemnaja diagnostika i korrekcija obshhitel'nosti [System diagnostics and correction of sociability] : [monografija] / A. I. Krupnov. – Moscow: Rossijskij un-t družby narodov, 2007. – 131 p.

10 **Pryadein, V. P.** Psixodiagnostika lichnosti: Izbranny'e psixologicheskie testy : Praktikum [Psychodiagnostics of Personality : Selected Psychological Tests : Workshop]. / V. P. Pryadein. – Surgut : Surgutskij gos. ped. un-t. – 2014. – 245 p.

11 **Ermentaeva, A. R.** Joğary mektep psihologiasy : Oqulyq [Psychology of Higher Education : Textbook]. – Almaty : JSS RPBK «Däuir», 2012. – 492 p.

Материал 13.06.22 баспаға түсті.

**A. A. Копырова¹, Т. С. Сламбекова², Б. Г. Сарсенбаева³*

^{1,2}Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, Республика Казахстан, г. Нур-Султан;

³Павлодарский педагогический университет, Республика Казахстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 13.06.22.

КРИТЕРИАЛЬНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ КОГНИТИВНОГО КОМПОНЕНТА В ФОРМИРОВАНИИ СОЦИАЛЬНОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТИ

Статья посвящена проблеме определения критериальных показателей когнитивного компонента социальной ответственности как профессионально-личностного качества педагога. Когнитивный компонент в структуре социальной ответственности представлен как основной и значимый компонент. Условием успешного формирования профессионально-личностного качества выступает его целостное

представление, восприятие, качественное понимание обучающимися. Поскольку социальная ответственность сама по себе является сложной структурной категорией, авторы, опираясь на проведенные ранее исследования в этой области, рассматривают в качестве необходимой задачи анализ таких критериев когнитивного компонента социальной ответственности, как социальная осведомленность и осмысленность. В целях реализации данной задачи были взяты результаты опросной анкеты, направленной на получение общих сведений о понимании обучающимися понятия и значения социальной ответственности, а также данные по пятой и шестой шкалам методики многосторонней функциональной диагностики. Исследование показало, что у обучающихся преобладает одностороннее понимание социальной ответственности. Данная ситуация отчетливо прослеживается в данных, полученных в результате исследования студентов первого курса.

Для успешной реализации какой-либо значимой деятельности будущим педагогам не следует ограничиваться только общественными (социальными) знаниями. Поэтому комплексное изучение когнитивного компонента в формировании социальной ответственности обеспечивает эффективную реализацию данного процесса.

Ключевые слова: профессионально-личностное качество, социальная ответственность, когнитивный компонент, осведомленность, критерии осмысленности, понимание, восприятие.

**A. A. Konyrova¹, T. S. Slambekova², B. G. Sarsenbayeva³*

*^{1,2}L. N. Gumilyov Eurasian National University,
Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan;*

*³Pavlodar Pedagogical University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.*

Material received on 13.06.22.

CRITERIAL INDICATORS OF THE COGNITIVE COMPONENT IN THE FORMATION OF SOCIAL RESPONSIBILITY

The article is devoted to the problem of determining the criterion indicators of the cognitive component of social responsibility as a professional and personal quality of a teacher. The cognitive component in the structure of social responsibility is presented as the main and significant component. The condition for the successful formation of professional and

personal quality is its holistic representation, perception, and qualitative understanding by students.

Since social responsibility itself is a complex structural category, the authors, relying on previous studies in this area, consider the analysis of such criteria of the cognitive component of social responsibility as social awareness and meaningfulness as a necessary task. In order to implement this task, the results of a questionnaire were taken, aimed at obtaining general information about the students' understanding of the concept and meaning of social responsibility, as well as data on the fifth and sixth scales of the multilateral functional diagnostics methodology. The study showed that students have a one-sided understanding of social responsibility. This situation is clearly seen in the data obtained as a result of the study of first-year students.

For the successful implementation of any significant activity, future teachers should not be limited only to public (social) knowledge. Therefore, a comprehensive study of the cognitive component in the formation of social responsibility ensures the effective implementation of this process.

Keywords: professional and personal quality, social responsibility, cognitive component, awareness, criteria of meaningfulness, understanding, perception.

Теруге 13.06.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.06.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,65 Mb RAM

Шартты баспа табағы 25,55.

Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген З. С. Исакова

Корректоры: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3936

Сдано в набор 13.06.2022 г. Подписано в печать 30.06.2022 г.

Электронное издание

5,65 Mb RAM

Усл.п.л. 25,55. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка З. С. Исакова

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3936

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

8 (7182) 67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

vestnik-pedagogic.tou.edu.kz